

**“Алмагүл” бөбекжайы МКҚК  
№3 қамқоршылық кеңестің  
хаттамасы**

«03»\_04\_2023\_ж.

Төраға: А.А.Досмағанбетова

Хатшы: А.С.Төлеутай

Кеңес мүшелерінің саны:

Қатысты:

МДҰ әдіскері-Г.М. Тулегенова

Медбике-Л.И.Крючкова

Педагог -психолог- Қ.Б.Даулетбаева

Тәрбиеші-И.Н. Магина

Тәрбиеші-Д.Р.Бектұрсынова

Директордың ТӘБ орынбасары -А.Ж. Искакова

Шақырылғандар:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

ЖК “Премьер”-дің директоры -Н.А.Такжуманов

АБВ КЗ-тің директоры -А.В.Шаталов

**Күн тәртібі:**

1.Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы есеп (МДҰ директоры -А.А.Досмағанбетова).

**Тыңдады:** А.А.Досмағанбетова, мектепке дейінгі ұйымының директоры, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығына сәйкес 2023 жыл аралығында мектепке дейінгі ұйымында өзін-өзі бағалау жоспарлы түрде өтті. Осыған байланысты бөбекжайда 2023 жылғы 31 наурыздағы №68-ші бұйрық шығарылып, оған сәйкес 7 адамнан тұратын сараптамалық топ құрылды, олар 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 -ші жылдарға арналған мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді.

Сөз сөйледі: Н.А. Такжуманов , қамқоршылық кеңестің мүшесі, бұл рәсім мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын сапалы ұйымдастыру үшін қажет екенін атап өтті.

Сөз сөйледі:

1. Г.М.Тулегенова мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, ол өткен кезеңдегі оқу-тәрбие үрдісіне талдау жасады. Педагогикалық кадрлармен жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын атап өтті, сонымен бірге бағдарламаның бөлімдері бойынша педагогикалық және барлық жас топтарыдың жұмысын талдауға арналған жиынтық кестелерді анық көрсетті. Оқу-тәрбие процесін

ұйымдастырудағы барлық жетістіктер мен кемшіліктерді ашып, оларды жоюдың оңтайлы жолдарын атап өтті.

2. Л.И. Крючкова-медбике ,ол балалардың денсаулығын нығайтуға барлық жағдайлар жасалынғаны туралы , физикалық дамуды іске асыруда кешенді тәсілдің оң нәтижелерін айтты, тамақтандыруды ұйымдастыру және бақылау ,санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау керектігіне тоқталып өтті.

3. А.Ж. Искакова -директордың ТӘБ орынбасары ,ол бөбекжай қатты және жұмсақ құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгенін, барлық жас топтары жиһаздың қажетті стандартына ие екенін атап өтті.

4. Қ.Б.Дәулетбаева -педагог-психолог, ол ЕБҚ бар балаларға және тәрбиеленушілердің ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің жұмысына талдау жүргізілгенін атап өтті.

5. И.Н.Магина-тәрбиеші, ол оқу үдерісінің ақпараттық-әдістемелік және кітапханалық қамтамасыз етілуіне талдау жүргізгенін атап өтті.

6. Д.Р.Бектұрсынова-тәрбиеші ол сауалнамалар нәтижелерін жариялады, балалар,ата-аналар және педагогтармен сауалнамалар.

**Тыңдалды :** А.В.Шаталов, қамқоршылық кеңестің мүшесі, ол білім беру ұйымының іс-әрекеті мемлекеттік жалпы стандарт талаптарына сәйкес келеді деді және мектепке дейінгі ұйымның жұмысын үлгілі ретінде бағалауды ұсынды.

#### ШЕШІЛДІ:

1. Мектепке дейінгі ұйым ұжымының 2020-2023 жылғы өзін-өзі бағалау жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын..
2. Бөбекжайдың ішкі педагогикалық қызметін өзін-өзі бағалау материалдары көрсетілген мәртебеге сәйкес келеді.
3. 2023 жылғы 01 мамырдан кешіктірмей Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаментіне құжаттар топтамасы тапсырылсын.

Төраға:  А.А.Досмағанбетова

Хатшы:  А.С. Төлеутай

